

**Қазақстан Республикасының Ұлттық авиация басқармасы мен "Кодест инжиниринг" консорциумы арасындағы 1997 жылғы 5 мамырдағы Шартты бұзу туралы келісімді мақұлдау туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 28 мамырдағы N 153

"Қазақстан әуе жолы" ҰАҚ компаниясының қаржылық дәрменсіздігі және 1992 жылғы 26 қыркүйектегі "Кодест инжиниринг" (Италия) консорциумымен жасалған N 13-22-01 келісім-шартының атқарылуының мүмкін еместігіне байланысты, сондай-ақ екі жақтың тілегін ескере отырып аталмыш келісім-шарт өзара талап қоюсыз бұзылсын :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық авиация басқармасы мен "Кодест инжиниринг" консорциумы арасындағы 1997 жылғы 5 мамырдағы Шартты бұзу туралы келісім мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1992 жылғы 21 қыркүйектегі N 266 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Премьер-Министр